

## Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде әскери кафедра құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 қараша N 1403

"Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны студенттерінің қатарынан Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін запастағы офицерлер даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында оқу орнының қаражаты және штат саны шегінде әскери кафедра құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, осы қаулыны іске асыру жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қабылдасын.

3. < \* >

*Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.24. N 449 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастан күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі